

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің және Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының кейбір нормативтік қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 2026 жылғы 29 маусымдағы № 9-НҚ нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 29 маусымда № 39139 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасы (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір нормативтік қаулылардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Жоғары аудиторлық палатаның Заң департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы нормативтік қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы нормативтік қаулының Жоғары аудиторлық палатаның интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы нормативтік қаулының орындалуын бақылау Жоғары аудиторлық палатаның аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы нормативтік қаулы 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Жоғары аудиторлық палатасының Төрағасы*

А. Смаилов

Қазақстан Республикасының
Жоғары аудиторлық
палатасының
2026 жылғы 29 маусымдағы
№ 9-НҚ нормативтік
қаулысымен
бекітілген

Өзгерістер енгізілетін кейбір нормативтік қаулылардың тізбесі

1. "Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру мен жүргізу және оның деректерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 7-НҚ нормативтік қаулысына (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12459 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру мен жүргізу және оның деректерін пайдалану қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына:

1) Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (бұдан әрі - Жоғары аудиторлық палата);

2) астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссиялары (бұдан әрі - тексеру комиссиялары);

3) ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ішкі аудит қызметін қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ішкі аудит қызметтері;

5) орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының ішкі аудит қызметтері жатады.
";

8-тармақтың 22) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"22) республикалық бюджеттен астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің, нысаналы даму трансферттерінің іске асырылуы туралы талдамалық есеп."

2. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 12-НҚ нормативтік қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12493 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесі туралы ережеде:

5-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) аудит органдарына, Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Құрылтайына, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттарына мемлекеттік аудит объектілерінің аудит органдарының тәуелсіздігін шектеу фактілері туралы ақпарат (ұсыныстар) береді";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Кеңес Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (бұдан әрі - Жоғары аудиторлық палата) Төрағасынан және үш мүшесінен, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның екі өкілінен, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссияларының (бұдан әрі - тексеру комиссиялары)

төрағаларынан, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ішкі аудит қызметінің басшысын қоспағанда, ішкі аудит қызметінің екі басшысынан тұрады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Кеңестің құрамына ішкі аудит қызметі басшыларының екі кандидатурасын (орталық мемлекеттік органның және астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органынан бір-бірден) қосу жөніндегі ұсынысты ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган ұсынады.

Ішкі аудит қызметінен енген Кеңес мүшелерін ротациялау екі жыл сайын жүргізіледі."

3. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру және сыртқы мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесін бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 13-НҚ нормативтік қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12476 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру және сыртқы мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесінде:

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нысаналары (бұдан әрі - мемлекеттік аудит нысаналары) - мемлекеттік органдардың қызметі, соның ішінде мемлекеттік қаржыны басқару, бюджеттік бағдарламалар, саланы/аяны дамыту тұжырымдамалары, ұлттық жобалар, мемлекеттік органдардың даму жоспарлары, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарлары;"

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Үлгілік жүйені бюджеттің барлық деңгейлерінде жүктелген функциялары мен өкілеттіктеріне сәйкес сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың органдары (бұдан әрі - сыртқы мемлекеттік аудит органдары):

республикалық деңгейде - Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы;

жергілікті деңгейде - астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссиялары (бұдан әрі - тексеру комиссиялары) пайдаланады.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Тәуекелдерге бағалау жүргізу және топтау үш бағыт бойынша жүргізіледі:

1) бюджеттің шығыс бөлігі саласындағы тәуекелдер:

бюджеттік бағдарламалар бойынша;

мемлекеттік органдар, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелері, мемлекеттік мекемелер бойынша;

мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары бойынша;

өңірлер (астана, облыстар, республикалық маңызы бар қала, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бойынша.

2) бюджеттің кіріс бөлігі саласындағы тәуекелдер;

3) квазимемлекеттік сектор субъектілері бойынша тәуекелдер.";

26-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мемлекеттік органның даму жоспарында және астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, даму жоспарында айқындалған мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, сондай-ақ мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалған өкілеттіктерге сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісі шығыстарының бағыттары бойынша жүзеге асырылады.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Бюджеттік бағдарламалар бойынша тәуекелдерді бағалаудың жиынтық мәні (Rbp) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бағдарламалық құжаттар (саланы/аяны дамыту тұжырымдамалары, ұлттық жобалар, мемлекеттік органдардың даму жоспарлары, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарлары) бойынша тәуекелдерді бағалаудың қосымша мәні ретінде қолданылады.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Бюджеттік бағдарламаларды мемлекеттік органның даму жоспарында және астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарында айқындалған мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, сондай-ақ мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалған өкілеттіктерге сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісі шығыстарының бағыттары бойынша топтауды жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше жүзеге асырады.";

33-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, соның ішінде ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олармен үлестес өзге де заңды тұлғалар, шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар;"

34-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) өңірлерді (астана, облыстар, республикалық маңызы бар қала) қамтиды.";

36-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарын;"

осы Үлгілік жүйеге 9 және 11-қосымшалар осы Тізбеге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын әзірлеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы" Республикалық

бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 14-НҚ нормативтік қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 12499 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын әзірлеу мен бекіту қағидаларында:

7-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссияларының (бұдан әрі - тексеру комиссиясы) ұсыныстары ескеріледі."

5. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарларына және мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларына бағалау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 16-НҚ нормативтік қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12513 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарларына және мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларына бағалау жүргізу қағидаларында:

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Өздері жүргізетін аудиторлық іс-шаралардың және сараптамалық-талдау қызметінің шеңберінде Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын бағалау мен іске асырудың негізгі қорытындылары Қазақстан Республикасының Құрылтайына жіберілетін, өзінің мазмұны бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті есебіне қорытынды болып табылатын, есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Жоғары аудиторлық палатаның жылдық есебіне енгізіледі.";

осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшалардың орыс тіліндегі мәтініне өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

6. "Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытынды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 21-НҚ нормативтік қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12595 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу және квазимемлекеттік сектор

субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытынды ұсыну қағидаларында:

3-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) өз қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, денсаулық сақтау саласында жүзеге асыратын қазыналық кәсіпорындарды, сондай-ақ ақы төленбейтін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсететін ұйымдар мен қорғаныстық тапсырысты іске асыратын ұйымдарды қоспағанда, мемлекеттік тапсырма және мемлекеттік тапсырыс түріндегі бюджет қаражатын пайдаланған кезде аудиторлық қорытындыда бюджет қаражатының қозғалысы бюджеттік бағдарлама әкімшісінен бастап, бюджет қаражатын түпкілікті алушыға дейін көрсетіледі.";

осы Қағидаларға қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. "Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссия туралы ережені бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 23-НҚ нормативтік қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12680 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссия туралы ережеде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ұлттық комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, осы Ережені және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының Төрағасы Ұлттық комиссияның төрағасы болып табылады.

Ұлттық комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (бұдан әрі - Жоғары аудиторлық палата) болып табылады.

Ұлттық комиссияның төрағасы берілген ұсыныстардың негізінде саны кемінде он төрт адам болатын Ұлттық комиссияның дербес құрамын бекітеді.

Ұлттық комиссияның құрамына Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Жоғары аудиторлық палатаның, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның өкілдері, Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары (келісу бойынша) кіреді .

Өкілдік мемлекеттік саяси қызметшілер және/немесе "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері деңгейінде қамтамасыз етіледі."

8. "Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ нормативтік қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13647 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) осы нормативтік қаулыға 9-қосымшаға сәйкес 1000. Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссияларының өз жұмысы туралы ақпарат ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты;"

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген 600. Мемлекеттік аудитті және сараптамалық-талдау іс-шараларын жүргізуге аудиторлық ұйымдар мен сарапшыларды тарту бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында:

9-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (бұдан әрі - Жоғары аудиторлық палата) және астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссияларының (бұдан әрі - тексеру комиссиялары) аудиторлық іс-шара жүргізуге арналған өтінім жасауы;"

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Тиісті шарттар жасай отырып, сарапшылардың көрсетілетін қызметтерін сатып алу рәсімдерді жүргізу мерзімдері мен осы мақсаттарға бөлінген бюджет қаражаты ескеріле отырып, азаматтық заңнаманың және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Жоғары аудиторлық палатаның хаты негізінде сарапшылар ретінде өтеусіз негізде олардың келісуі бойынша мемлекеттік органдардың мамандары, сондай-ақ Жоғары аудиторлық палатаның ведомстволық бағынысты ұйымының қызметкерлері, соның ішінде әдіснамалық құжаттардың жобаларын пилоттық режимде тестілеу үшін тартылады.

Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың тексеру комиссиясының хаты негізінде сарапшылар ретінде өтеусіз негізде олардың келісуі бойынша мемлекеттік органдардың мамандары тартылады.";

осы 600. Рәсімдік стандартқа қосымшаның орыс тіліндегі мәтініне өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген 700. Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарының сақталуын бақылау шеңберінде мемлекеттік аудит нәтижелерін жоспарлы тәртіппен тануды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссияларында, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінде Жоғары аудиторлық палатаның сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады.";

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген 900. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ағымдағы бағалауды жүзеге асыру және Жоғары аудиторлық палатаның жұмысы туралы ақпаратты ұсыну бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ағымдағы бағалауды жүзеге асыру және Жоғары аудиторлық палатаның жұмысы туралы ақпаратты ұсыну бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты (бұдан әрі - Рәсімдік стандарт) сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау уәкілетті органдарының Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Құрылтайына, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, мәслихаттар мен әкімдерге тиісті бюджеттің атқарылуы туралы жедел ақпаратты (бұдан әрі - жедел ақпарат) қалыптастыруына және ұсынуына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасының (бұдан әрі - Жоғары аудиторлық палата) жұмысы туралы ақпаратты (бұдан әрі - жұмыс туралы ақпарат) Жоғары аудиторлық палатаның қалыптастыруына және Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Құрылтайына ұсынуына қойылатын рәсімдік талаптарды қамтиды.";

2-тараудың 1-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-параграф. Республикалық бюджеттің атқарылуы бойынша жедел ақпаратты қалыптастыру тәртібі мен Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Құрылтайына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыну мерзімдері";

5-тармақтың 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы Рәсімдік стандартқа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес Жоғары аудиторлық палатаға тексеру комиссияларының өз жұмысы туралы ақпарат ұсынуы бойынша мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына сәйкес ұсынылатын есепті кезеңдегі сыртқы мемлекеттік аудит органдары, тексеру комиссиялары қызметінің түйінді көрсеткіштері, тексеру комиссиялары мемлекеттік аудитпен қамтыған объектілер саны мен қаражат көлемі, тексеру комиссиялары анықтаған Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері актілері бұзушылықтарының көлемі, тексеру комиссиялары анықтаған қаржылық бұзушылықтардың көлемі, аудиторлық

іс-шаралардың нәтижелері бойынша қалпына келтірілген (өтелген) және қалпына келтіруге (өтеуге) жататын сомалардың көлемі, аудиторлық және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындысы бойынша ұсынымдардың (ұсыныстардың) және тапсырмалардың орындалуы, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган қызметінің түйінді көрсеткіштері, астананың бюджетіне, облыстық бюджетке, республикалық маңызы бар қаланың, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетіне түскен түсімдер туралы ақпарат;

5) Есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 9-НҚ нормативтік қаулысымен және Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 589 бұйрығымен бірлесіп бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12577 болып тіркелген) Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен өзара іс-қимыл қағидаларына сәйкес ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің, орталық мемлекеттік органдардың, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының ішкі аудит қызметтерінің жұмыс көрсеткіштері туралы ұсынылатын ақпарат;"

2-тарауда:

2-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-параграф. Тексеру комиссиясының жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы жедел ақпаратты қалыптастыру тәртібі мен астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, облыстық маңызы бар қаланың мәслихатына және әкімдеріне ұсыну мерзімдері";

5-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-параграф. Жоғары аудиторлық палатаның Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Құрылтайына Жоғары аудиторлық палатаның жұмысы туралы ақпаратты қалыптастыру және ұсыну тәртібі";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Жоғары аудиторлық палатаның есепті кезеңдегі жұмысы туралы ақпарат Заңның 43-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне ақпаратты ұсыну графиктерінде бекітілген мерзімдерде және Заңның 44-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Құрылтайына есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей ұсынылады.";

осы 900. Рәсімдік стандартқа 1, 2, 3, 6, 8-қосымшалардың орыс тіліндегі мәтініне өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

осы 900. Рәсімдік стандартқа 9-қосымша осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген 1000. Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың

, астананың тексеру комиссияларының өз жұмысы туралы ақпарат ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"1000. Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына астананың облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссияларының өз жұмысы туралы ақпарат ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссияларының өз жұмысы туралы ақпарат ұсынуы бойынша мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты (бұдан әрі - Стандарт) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 52-бабына сәйкес әзірленді. Осы Стандарт Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссияларының (бұдан әрі - тексеру комиссиялары) ақпарат (бұдан әрі - ақпарат) қалыптастыруына және ұсынуына қойылатын бірыңғай тәсілді қамтамасыз етудің рәсімдік талаптарын қамтиды.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Тексеру комиссиялары аудиторлық іс-шара барысында анықталған жүйелі кемшіліктердің жиынтық кестелерінің, сондай-ақ мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жиынтық тізілімдерінің деректері негізінде мынадай:

1) астана, _____ облысы, республикалық маңызы бар қала бойынша тексеру комиссиясының _____ жылғы есепті кезеңде аудиторлық іс-шара барысында анықтаған жүйелі кемшіліктерді есепке алуы (осы Стандартқа 5-қосымша);

2) астана, _____ облысы, республикалық маңызы бар қала бойынша тексеру комиссиясының _____ жылғы есепті кезеңде қаражаттың бюджетке түсуі кезінде анықталған бұзушылықтарды есепке алуы (осы Стандартқа 6-қосымша);

3) астана, _____ облысы, республикалық маңызы бар қала бойынша тексеру комиссиясының _____ жылғы есепті кезеңде бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалану кезінде анықталған бұзушылықтарды есепке алуы (осы Стандартқа 7-қосымша);

4) астана, _____ облысы, республикалық маңызы бар қала бойынша тексеру комиссиясының _____ жылғы есепті кезеңде қаржылық есептілік аудитін жүргізу кезінде анықталған бұзушылықтарды есепке алуы (осы Стандартқа 8-қосымша);

5) астана, _____ облысы, республикалық маңызы бар қала бойынша тексеру комиссиясының _____ жылғы есепті кезеңде мемлекеттік аудит объектісінің қызметіндегі, соның ішінде оның міндеттері мен функцияларын іске асырумен

байланысты заңнаманың анықталған рәсімдік бұзушылықтарын есепке алуы (осы Стандартқа 9-қосымша) нысандарын толтырады және Жоғары аудиторлық палатаға есепті кезеңге ұсынады.";

20-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

1-қосымшада оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары аудиторлық палатаға
астананың, облыстардың,
республикалық маңызы
бар қалалардың тексеру
комиссияларының өз жұмысы
туралы ақпарат ұсынуы
бойынша сыртқы
мемлекеттік аудиттің және
қаржылық бақылаудың рәсімдік
стандартына 1-қосымша";

2-қосымшада оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары аудиторлық палатаға
астананың, облыстардың,
республикалық маңызы
бар қалалардың тексеру
комиссияларының өз жұмысы
туралы ақпарат ұсынуы
бойынша сыртқы
мемлекеттік аудиттің және
қаржылық бақылаудың рәсімдік
стандартына 2-қосымша";

3-қосымшада оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары аудиторлық палатаға
астананың, облыстардың,
республикалық маңызы бар
қалалардың тексеру
комиссияларының
өз жұмысы туралы ақпарат
ұсынуы бойынша сыртқы
мемлекеттік аудиттің
және қаржылық бақылаудың
рәсімдік стандартына
3-қосымша";

4-қосымшада оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары аудиторлық палатаға
астананың, облыстардың,
республикалық маңызы бар
қалалардың тексеру
комиссияларының
өз жұмысы туралы ақпарат
ұсынуы бойынша сыртқы
мемлекеттік аудиттің және

қаржылық бақылаудың
рәсімдік стандартына
4-қосымша";

5-қосымшада оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары аудиторлық палатаға
астананың, облыстардың,
республикалық маңызы бар
қалалардың тексеру
комиссияларының өз жұмысы
туралы ақпарат ұсынуы
бойынша сыртқы мемлекеттік
аудиттің және қаржылық
бақылаудың рәсімдік
стандартына
5-қосымша";

6-қосымшада оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары аудиторлық палатаға
астананың, облыстардың,
республикалық маңызы бар
қалалардың тексеру
комиссияларының
өз жұмысы туралы ақпарат
ұсынуы бойынша сыртқы
мемлекеттік аудиттің және
қаржылық бақылаудың рәсімдік
стандартына
6-қосымша";

7-қосымшада оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары аудиторлық палатаға
астананың, облыстардың,
республикалық маңызы бар
қалалардың тексеру
комиссияларының
өз жұмысы туралы ақпарат
ұсынуы бойынша сыртқы
мемлекеттік аудиттің және
қаржылық бақылаудың рәсімдік
стандартына
7-қосымша";

8-қосымшада оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары аудиторлық палатаға
астананың, облыстардың,
республикалық маңызы бар
қалалардың тексеру
комиссияларының өз
жұмысы туралы ақпарат ұсынуы
бойынша сыртқы мемлекеттік
аудиттің және қаржылық
бақылаудың рәсімдік
стандартына
8-қосымша";

9-қосымшада оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары аудиторлық палатаға
астананың, облыстардың,
республикалық маңызы
бар қалалардың тексеру
комиссияларының өз жұмысы
туралы ақпарат ұсынуы
бойынша сыртқы
мемлекеттік аудиттің және
қаржылық бақылаудың
рәсімдік стандартына
9-қосымша";

осы 1000. Рәсімдік стандартқа 1, 2, 3, 4 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшалар осы Тізбеге 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

9. "Ревизиялық (тексеру) комиссиялардың төрағасы мен мүшелерінің лауазымдарына кандидаттарды іріктеу қағидалары және оларды бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 2024 жылғы 9 қыркүйектегі № 12-НҚ нормативтік қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35052 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Ревизиялық (тексеру) комиссиялардың төрағасы мен мүшелерінің лауазымдарына кандидаттарды іріктеу қағидалары және оларды бағалау өлшемшарттарында:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ревизиялық (тексеру) комиссияларының төрағасы мен мүшелерінің лауазымдарына кандидаттарды іріктеу қағидалары және оларды бағалау өлшемшарттары "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 22-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың ревизиялық (тексеру) комиссиясының (бұдан әрі - тексеру комиссиясы) төрағасы мен мүшелерінің лауазымдарына кандидаттарды іріктеу тәртібін және оларды бағалау өлшемшарттарын айқындайды.

2. Заңның 47-бабының 2-тармағына сәйкес тексеру комиссиясының төрағасын астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың мәслихаты Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (бұдан әрі - Жоғары аудиторлық палата) ұсынуы және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша бес жыл мерзімге лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

Тексеру комиссиясы мүшелерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың мәслихаты тексеру комиссиясы төрағасының ұсынуы және Жоғары аудиторлық палатамен келісу бойынша бес жыл мерзімге лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Тексеру комиссиясының төрағасы Жоғары аудиторлық палатамен келісу бойынша тексеру комиссиясының мүшелері лауазымына іріктелгендер арасынан кандидатты астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың мәслихатына Заңның 47-бабының 3-тармағына сәйкес тағайындау үшін ұсынады."

10. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің құнын белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 2025 жылғы 29 мамырдағы № 5-НҚ нормативтік қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36169 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің құнын белгілеу қағидаларында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

Өзгерістер енгізілетін кейбір
нормативтік қаулылардың
тізбесіне 1-қосымша
Мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау
объектілерінің тиісті жылға
арналған тізбесін қалыптастыру
және сыртқы мемлекеттік аудит
жүргізу кезінде қолданылатын
тәуекелдерді басқарудың
үлгілік жүйесіне
9-қосымша

Өңірлер (астана, облыстар, республикалық маңызы бар қала) бойынша ӨЛШЕМШАРТТАР ТІЗБЕСІ

Р/с №	Өлшемшарттың атауы	Өлшем бірлігі	Шекті деңгейлер		Өлшемшарттың (үлес салмағы (%))
			Объективті	нормативтік сараптамалық)	
1	Соңғы мемлекеттік аудит жүргізу кезінен басталатын мерзім	жыл			
2	Соңғы екі жылда бөлінген республикалық бюджеттің бюджет қаражатының жалпы көлеміне шаққанда мемлекеттік аудитпен қамтылған	%			

	бюджет қаражатының үлесі				
3	Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражаттың жалпы көлеміне шаққанда қаржылық бұзушылықтард ың үлесі	%			
4	Даму бюджеттік бағдарламалары бойынша республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың игерілмеген үлесі	%			
5	Даму бюджеттік бағдарламасыны ң орындалуының тиімділігі (жергілікті атқарушы органдар үшін)	коэффициент			
6	Жергілікті бюджеттің дамуға арналған шығыстарының жалпы көлеміне шаққанда республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы даму трансферттеріні ң жылдық көлемі	%			
7	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен қаржыландырыл атын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар	%			

	бойынша жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыруды қамтамасыз ету үлесі				
8	Нысаналы даму трансферттері есебінен жергілікті атқарушы орган іске асыратын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың жалпы бекітілген санына шаққанда бюджеттің атқарылуы барысында қайта бөлуге (түзетуге) ұшыраған жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың үлесі	%			
9	Мемлекеттік орғанға бөлінген бюджет қаражатының жалпы көлеміне шаққанда бір бюджеттік бағдарлама шенберінде бюджеттік кіші бағдарламалар арасында қайта бөлінген қаражат үлесі	%			

Өзгерістер енгізілетін кейбір
нормативтік қаулылардың
тізбесіне 2-қосымша
Мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау
объектілерінің тиісті жылға
арналған тізбесін қалыптастыру
және сыртқы мемлекеттік аудит

**Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың даму жоспарлары
бойынша ӨЛШЕМШАРТТАР ТІЗБЕСІ**

Р/с №	Өлшемшарттың атауы	Өлшем бірлігі	Шекті деңгейлер		Өлшемшарттың (үлес салмағы (%))
			Объективті	нормативтік сараптамалық)	
1	Соңғы мемлекеттік аудит жүргізу кезінен басталатын мерзім	жыл			
2	Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражаттың жалпы көлеміне шаққанда қаржылық бұзушылықтардың үлесі	%			
3	Бағдарламалық құжаттың нысаналы индикаторларын а қол жеткізбеу үлесі	%			
4	Бастапқыда бекітілген бағдарламалық құжатта көзделген мәндерге қол жеткізілмеген нысаналы индикаторлардың жалпы санына шаққандағы үлесі	%			
5	Бастапқыда бекітілген нысаналы индикаторлардың жалпы санына шаққанда бағдарламалық құжатты іске	%			

	асыру барысында өзгеріске ұшыраған нысаналы индикаторларды ң үлесі				
6	Бағдарламалық құжаттың Іс-шаралар жоспарындағы орындалмаған іс-шаралардың үлесі	%			
7	Бағдарламалық құжат шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобалардың жалпы санына шаққанда олардың уактылы іске асырылмаған үлесі	%			
8	Бағдарламалық құжатты іске асыру кезеңі ішінде оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулард ың жиілігі (саны)	бірлік			

Өзгерістер енгізілетін
кейбір нормативтік
қаулылардың тізбесіне
3-қосымша
Квазимемлекеттік сектор
субъектілеріне арнайы
мақсаттағы аудит жүргізу және
квазимемлекеттік сектор
субъектілеріне арнайы
мақсаттағы аудит бойынша
аудиторлық қорытынды
беру қағидаларына
қосымша
Нысан

Бекітемін: _____

(Аудиторлық ұйым
басшысының Т.А.Ә.

(болған жағдайда) қолы,
аудиторлық ұйымның атауы,
мөрдiң орны (болған жағдайда),
лицензияның №, берiлген күнi)

**Квazимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу бойынша
аудиторлық қорытынды**

_____ (жасалған орны) _____ (күнi)

Аудиторлық ұйым, _____

(аудиторлық ұйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН))

_____ квazимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізуге арналған 20__ жылғы " __ " _____ шарттың негізінде Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 21-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Квazимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу және квazимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытынды ұсыну қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12595 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес _____

_____ қатысты (занды тұлға-резидент атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі) квazимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит (бұдан әрі - аудит) жүргізілді және оның қорытындысы бойынша 20__ жылғы " __ " _____ және 20__ жылғы " __ " _____ аралығындағы кезең үшін квazимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу бойынша аудиторлық қорытынды (бұдан әрі - аудиторлық қорытынды) жасалды.

Аудит басталды _____ Аудит аяқталды _____

(күнi) _____ (күнi)

Аудиттің мақсаты: _____

Аудиттің мәні: _____

_____ (бюджет қаражаты бюджеттік бағдарламалар мен кіші бағдарламалар бөлінісінде, бюджеттік

кредиттер, қарыздар (мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздар), бюджеттік инвестициялар (занды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру жолымен мемлекет активтерін құру және (немесе) дамыту), мемлекеттік концессиялық міндеттемелер, байланысты гранттар,

мемлекеттік тапсырмалар, қазынашылық кәсіпорындарды, сондай-ақ ақы төленбейтін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсететін ұйымдар мен қорғаныстық тапсырысты іске асыратын ұйымдарды қоспағанда, мемлекеттік тапсырыс көрсетіледі):
Аудиттелетін субъектінің байланыс телефондары: телефондар, факс:

Аудит барысында ұсынылған құжаттар тізбесі:

Аудит барысында аудиторлық ұйым сұратқан, бірақ ұсынылмаған құжаттар тізбесі: _____

1. Аудиттелетін субъекті туралы жалпы мәліметтер

1. Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі/қайта тіркелуі туралы куәлік (анықтама):
тіркеу нөмірі ____, берілген күні _____ жылғы " __ " _____

2. Ұйымдық-құқықтық нысаны: _____

3. Меншік түрі: _____

4. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - ХҚЕС) көшу туралы мәліметтер: _____

(Иә/Жоқ, ХҚЕС-ке көшкен күні, негізі)

5. Құрылтайшылар (қатысушылар):

(Құрылтайшылардың (қатысушылардың) Т.А.Ә. (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН), заңды тұлғаның құрылтайшының атауы, БСН, жарғылық капиталдың сомасы, қатысу үлесі %-бен)

6. Аудиттелетін субъектінің мекенжайы (заңды): _____

Пошта индексі: _____

Облыс/Аудан: _____

Қала/Аудан: _____

Кент/Ауыл: _____

Көше/Шағынаудан: _____

Үйдің нөмірі: _____

Пәтер/бөлме/офис: _____

Аудиттелетін субъектінің мекенжайы (нақты):

Пошта индексі: _____

Облыс/Аудан: _____

Қала/Аудан: _____

Кент/Ауыл: _____

Көше/Шағынаудан: _____

Үйдің нөмірі: _____

Пәтер/Бөлме/офис: _____

7. Аудитпен қамтылған кезеңде болған лауазымды адамдар:

(басшының Т.А.Ә. (болған жағдайда), ЖСН-ы, кезең, бухгалтердің ЖСН-ы, кезең)

8. Банк шоттары туралы мәліметтер: _____

(банктің атауы, БСН, БСК, шот №, валюта шотының түрі, ашылған және жабылған күні)

9. Бюджет қаражатын пайдалану мәселелері бойынша алдыңғы аудит (бақылау) туралы мәліметтер (тексеру (аудит) мәні аудиторлық ұйым жүргізген аудит мәнімен сәйкес келетін басқа мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және құқық қорғау органдарының бұрын қамтыған мәселелері бойынша ғана қысқаша мәліметтер, аудиттелетін субъектінің мемлекеттік аудит объектісі ретінде қабылдаған, анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар көрсетіледі. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының бақылауда тұрған қаулылары (нұсқамалары) бойынша орындау мерзімі өткен тапсырмалық тармақтар бойынша шаралар көрсетіледі), соңғы үш жылдағы қаржылық есептілік аудиті туралы мәліметтер (№, күні, аудиторлық ұйымның атауы, аудитордың Т.А.Ә. (болған жағдайда), мекенжайы, аудитордың байланыс телефондары)

(актінің №, күні, аудиторлық ұйымның атауы, орындаушының Т.А.Ә. (болған жағдайда),

аудиттің (бақылаудың) жүргізілген орны, кезеңі және түрі, бұзушылықтар сомасы, бұзушылықтарды жою үшін қабылданған шаралар, аудитордың байланыс телефондары)

10. Қызметтің нақты түрлері туралы мәліметтер: _____

11. Қайта ұйымдастыру туралы мәліметтер: _____

12. Филиалдар және өкілдіктер туралы мәліметтер: _____

13. Аудиттелетін субъект оларда меншік иесі (қатысушы) болып табылатын, заңды тұлғалар туралы мәліметтер: _____

14. Есеп саясатының болуы: _____

(Иә/Жоқ)

2. Аудит мәліметтері

Осы аудитпен мыналар анықталды: _____

Аудиттің мақсатына қол жеткізілгендігін растау үшін жеткілікті, жүргізілген аудит нәтижелері туралы мәліметтер көрсетіледі. Аудит бағдарламасының мәселелеріне жауаптар белгіленеді, бұл ретте Аудит бағдарламасының әрбір мәселесінің атауы көрсетіледі.

Аудит бағдарламасының мәселелеріне жауаптар толық, дәл, объективті және қысқа баяндалады. Аудиттелетін субъект қызметінің тексерілетін мәселелер бойынша нәтижелері аудиторлық қорытындының қосымшаларында толық ақпаратты көрсете отырып, аудиторлық қорытындыда жалпылама түрде белгіленеді.

Аудит мәселелері бойынша бұзушылықтар, кемшіліктер, соның ішінде нормативтік құқықтық актілер, құқықтық коллизиялар арасындағы қайшылықтармен және (немесе) құзыреттің болмауымен немесе жеткіліксіз болуымен, өкілеттіктердің қайталануымен, басқа ұйымдармен өзара іс-қимыл тетігінің болмауымен байланысты бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталған жағдайда, әрбір бұзушылық (кемшілік) фактісі жалғасу тәртібімен нөмірленеді және ережелері бұзылған нормативтік және құқықтық актілер, соның ішінде ішкі актілердің баптарына, тармақтарына және тармақшаларына сілтеме жасай отырып, бұзушылықтың (кемшіліктің) сипаты мен түрі баяндалып, оларды жою жөніндегі ұсынымдар көрсетіліп жеке тармақпен белгіленеді (1-тармақ, 2-тармақ және т.б.) және тиісті бұзушылыққа (кемшілікке) дәлел болатын құжаттар көрсетіледі. Егер Аудит бағдарламасының мәселесі бойынша талдамалық сипатқа ие мәселелерден басқа бұзушылықтар (кемшіліктер) анықталмаса, онда қысқаша ақпарат келтіріледі және "Бағдарлама мәселесі (атауы) тексерілді. Бұзушылықтар (кемшіліктер) анықталған жоқ" деген жазба жасалады. Аудиторлық қорытындыға тексеруге жатқызылған құжаттар тізбесі олардың деректемелері көрсетіле отырып қоса беріледі.

Аудиторлық қорытындыға қосымша ретінде ресімделетін мынадай кестелер толтырылады:

1) 1-кесте. Аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) орындалуы туралы ақпарат;

2) 2-кесте. Аудитпен қамтылған бюджеттік кредиттердің орындалуы туралы ақпарат;

3) 3-кесте. Аудитпен қамтылған байланысты гранттардың орындалуы туралы ақпарат;

4) 4-кесте. Концессиялық (мемлекеттік концессиялық міндеттемелер) және инвестициялық жобалардың орындалуы және қымбаттауы туралы, сондай-ақ құрылыс

жұмыстарының орындалған (қабылданған) көлемдері және құрылыс объектілерін пайдалануға берудің уактылылығы туралы ақпарат;

5) 5-кесте. Квazимемлекеттік сектор субъектісінің жарғылық капиталын толықтыруға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы мәліметтер.

Аудиторлар аудиторлық қорытындының қосымшалары болып табылатын өзге де қажетті кестелерді жасауы мүмкін. Аудиторлық қорытындыдағы аталған қосымшаларға сілтемелердің болуы міндетті.

3. Аудиттелетін субъекті туралы деректер

1. Аудиттелетін субъектінің тауарларын, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерін сату бойынша жылдық табыс және жалпы айналым:

2. Аудиттелетін субъектінің сатып алған тауарлары, жұмыстары және көрсетілетін қызметтері: _____

3. Қызметкерлер саны және олардың табыстарының есептелген сомалары:

4. Аудиттелетін субъектінің мемлекеттік сатып алуға қатысуы туралы мәліметтер:

5. Аудит (бақылау) нәтижелері бойынша аудиттелетін субъектіге қатысты мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының анықтаған, бұрын жойылмаған бұзушылықтар мен кемшіліктер және аудит барысында оларды жою жөнінде қабылданған шаралар:

6. Аудиттелетін субъектінің касса, банк шоттары және фискальды жадысы бар бақылау-кассалық машиналары бойынша ақша қаражатының бюджеттік бағдарлама әкімшісінен бюджет қаражатын түпкілікті алушыға дейінгі қозғалысы:

(шот №, шот валютасы, айналымдар, күнтізбелік жыл басындағы және соңындағы сальдо)

7. Аудит барысында аудиттелетін субъектінің контрагенттері бойынша жіберілген сұрау салулардың нәтижелері: _____

8. Бюджет қаражатын пайдалану мәселесі бойынша уәкілетті органдар мен ұйымдарға жіберілген сұрау салулардың нәтижелері: _____

9. Аудиттелетін субъектінің аудит барысындағы экспорттық-импорттық операциялары жөніндегі ақпарат: _____

(сыртқы экономикалық қызметке қатысушының атауы, тиісті салықтық кезеңдер бойынша кедендік құнның жалпы сомасы (объектілер саны))

